

Сұлукөл ауылдық округі әкімінің 2023 жылғы 26 сәуірдегі № 2 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Қостанай облысы Әуликөл ауданы Сұлукөл ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 1 шешімі

Сұлукөл ауылдық округінің әкімі ШЕШТІ:

1. Сұлукөл ауылдық округі әкімінің 2023 жылғы 26 сәуірдегі № 2 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

шешімнің 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

1. Қостанай облысы Әуликөл ауданы, Сұлукөл ауылдық округі, Юльев ауылының аумағында ірі қара малдың бруцеллез ауруының пайда болуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін, осылайша: шектеу қойылған аумақ арқылы жануарларды алып өтуге (айдап өтуге), бұл аумаққа сау жануарларды тасып әкелуге (кіргізуге), союға жөнелту жағдайларын қоспағанда, осы аумақтан жануарларды тасып әкетуге (шығаруға), эпизоотиялық ошақтар белгіленген саламатсыз аумақта пішен, сабан және басқа да ірі азықтарды басқа аумаққа әкету үшін дайындауға, сондай-ақ жануарларды немесе адамдарды жинаумен байланысты іс-шараларды жүргізуге жол берілмейді.

2. "Сұлукөл ауылдық округінің әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің қол қойылған күнінен бастап күнтізбелік бес күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Әуликөл ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ. Шарипов